

Ленин жұл

ҚК(б)П Солтүстік Қазақстан облыстық комитетінің, еңбекшілер депутаттарының облыстық Советінің және ҚК(б)П Петропавл қалалық комитетінің газеті

№ 101 (7061)

Жұма 25 май 1945 жыл

Шығуына 27-жыл
Мекен саны 20 тыйын

20 жылдығы күні „Комсомол Правдасы“ газетінің редакциясына

Совет жастарының жауынгерлік органы—«Комсомол Правдасы» газетінің 20 жылдығы күні құттықтаймын.

Бейбіт құрылыс жылдарында және Ұлы Отан соғысы күндерінде «Комсомол Правдасы» совет жастарын Отанымызға адал қызмет ету рухында тәрбиеледі.

«Комсомол Правдасы» жас өспірімдерді Ленин партиясына берілгендік рух-та тәрбиелеу жөніндегі міндеттерін алдағы уақытта да ойдағыдай орындайды, жастардың ғылым және мәдениет табыстарын меңгеруіне көмектеседі, жас отаншылдардың күш-қайратын ұлы Отанымыздың барған сайын гүлденуі жолындағы күреске жұмылдырады деп сенемін.

И. СТАЛИН.

МОСКВА, КРЕМЛЬ

ЖОҒАРҒЫ БАС ҚОЛБАСШЫ СОВЕТТЕР ОДАҒЫНЫҢ МАРШАЛЫ СТАЛИН ЖОЛДАСҚА

Қымбатты Иосиф Виссарионович!

Гитлершіл Германияның талқандалып, оның толық және сөзсіз тізе бүккендігі жөніндегі хабар тәжік халқының жүрегін зор қуанышқа бөледі. Бұл тарихи ұмытылмас күні, гитлершіл Германияға қарсы соғыста совет халқының жеңісіне дем беруші және оны ұйымдастырушы сүйікті туысқанымыз Иосиф Виссарионович Сізге Тәжікстан еңбекшілері сүйіспеншілікпен және мақтанышпен өзінің сәлемін жолдап, зор алғыс айтады. Совет халқының және оның батыр Қызыл Армиясының азаттық күресіндегі және неміс-фашист басқыншыларды жеңіп шығу жолындағы ұлы ерлік істері тарихқа жаңа даңқты бет болып қосылады. Даңққа бөленген айында Қызыл Армия Сіздің тарихи бұйрығыңызды орындай отырып, Берлин үстінде Ленин—Сталиннің жеңімпаз туын тікті, сөйтіп герман империалистерінің жауыздық әрекетін жойды. Бұл жеңісті социалистік мемлекеттің күш-қуаты, Советтер Одағы халықтарының жеңімпаз моральдық-саяси бірлігі мен Сталиндік мызғымас достығы, совет халқының гитлершіл Германияға қарсы ұлы Отан соғысында большевиктер партиясының ұрыстарда сыналғып, шыныққан басшы және ұйымдастырушылық ролі қамтамасыз етті. Совет халқының прогресшіл социалистік идеологиясы немістердің қарақшы империализмінің реакцияшыл идеологиясын жеңіп шықты. Барлық совет адамдарының өзінің социалистік Отанына шексіз берілгендігі мен шүйсіпеншілігі бізді жеңіске жеткізді.

Қымбатты Иосиф Виссарионович, Тәжікстан ұлдары барлық халықтармен бірге Сіздің есіміңізді Ұран ете отырып, Советтік Отанымыздың қас жауларына қарсы хасиятті ұрыс жүргізді. Күн сәулелетті Тәжікстанның Отан деп аталатын бұл тамана, ұлан-байтақ елдің мызғымас бөлегі екендігін мақтан етеміз. Тәжік жауынгерлері ұрысқа аттанарда қай жерде болсын—Дон жағалауларында, Украина далаларында, Белоруссия ормандарында Ленинград төңірегінде шайқасса да, олар Сталинабадты, Пянджа жағалауларын, Памир тауларын, Вахша және Ляпелбад алабын қорғағандығын жақсы білді. Отанға деген сүйіспеншілік, тәжік халқы ұлы орыс халқымен және еліміздің басқа халықтарымен біріктірген достық пен туысқандық Отан

Бүгін—көктемгі егісті аяқтау жөніндегі республикалық онкүндіктің алтыншы күні

ОНКҮНДІК КЕЗІНДЕ ЕГІС ЖҰМЫСТАРЫН ТОЛЫҚ АЯҚТАМАҒАН БІРДЕ-БІР КОЛХОЗ, СОВХОЗ ҚАЛМАСЫН!

Облысымыздың егіс даласында

Аудандардың көктемгі егісті өткізудегі социалистік жарысы

Облыстық жер бөлімінің мәліметі бойынша, 23 майға дейін облыс колхоздары егіс жоспарын 68,1 процент орындады. 22 майда колхоздар 8482 гектар жерге ғана тұқым септі.

Егісте Октябрь ауданының колхоздары екінші орыннан тағы да бірінші орынға шықты. Мұнда 34500 гектар егіс егіліп, жоспар 78,4 процент орындалды. Ленин ауданының колхоздары егіс жоспарын 75,9 процент орындап, бірінші орыннан екінші орынға түсіп қалды. Егіс жоспарын Петропавл ауданының колхоздары 75,6, Мамлют ауданының колхоздары 72,9, Полудень ауданының колхоздары 66,3 және Приешім ауданының колхоздары 65,8 процент орындады.

Егісте әсіресе Соколов, Булаев және Конюхов аудандарының колхоздары артта қалды. 22 майда Булаев ауданының колхоздары небары 240 гектар жерге ғана тұқым сеуіп, егіс жоспарын 59,3 процент ғана орындады. Егіс жоспары Конюхов ауданының колхоздарында 48,6 процент ғана орындалды. Егіс жұмысының барысы Совет ауданының колхоздарында да ойдағыдай болмай отыр.

Облыс колхоздары 459390 гектар жер жырту, жоспарды 67,2 процент ғана орындады. 22 майда небары 6784 гектар ғана жер жыртуылды.

Жер жыртуда Петропавл ауданының колхоздары бірінші орынға шықты. Бұл ауданда жер жырту жоспары 78,8, Октябрь ауданында 76,9, Ленин ауданында 73,3, Полудень ауданында 71,3 және Приешім ауданында 68 процент орындалды. Айта кету керек, Ленин ауданының колхоздарында көктемгі егісті аяқтау жөніндегі онкүндік кезінде жұмыс қарқыны өрістеу былай тұрсын, қайта баяулап кетті.

Жер жыртуда Булаев, Соколов-Конюхов аудандарының колхоздары артта қалушылықтан арыла алмады. Булаев ауданында жер жырту жоспары 62,1, Соколов ауданында 57,4 және Конюхов ауданында 51,2 процент ғана орындалды.

ХҰРМЕТ ТАҚТАСЫ

Қазақ ССР-ның 25 жылдығы атындағы социалистік жарыста көктемгі егісте үздік шыққан мына озаттар облыстық совет аткомі мен ҚК(б)П облыстық комитеті бюросының қаулысы бойынша, облыстық ХҰРМЕТ ТАҚТАСЫНА жазылды:

ЛЕНИН АУДАНЫНАН:

ЧКАЛОВ атындағы колхоз (председателі ЕМЕЛЬЯНОВ жолдас). Колхоз жоспар бойынша 800 гектар орнына, 835 гектар егіс екті. «БУЛАК» колхозы (председателі НҰРҒАЛИЕВ жолдас). Бұл колхоз 1000 гектар орнына, 1002 гектар егіс екті. «ҚАРАТАЛ» колхозы (председателі ҚӘДІРБАЕВ жолдас). Колхозда 600 гектар орнына, 605 гектар егіс егілді.

ПОЛУДЕНЬ АУДАНЫНАН:

«ҚЫЗЫЛ ТУ» колхозы (председателі ШӘЙМЕРДЕНОВ жолдас). Мұнда 500 гектар егіс егу жоспары мерзімінен бұрын толық орындалды. «НОВАЯ ЖИЗНЬ» колхозы (председателі СЛУЦКИЙ жолдас). Бұл колхозда 400 гектар орнына, 403 гектар егіс егілді. «КРАСНОЕ ЗНАМЯ» колхозы (председателі ПУДОВКИН жолдас). Колхоз 600 гектар орнына, 652 гектар егіс екті. ВОРОШИЛОВ атындағы колхоз (председателі ЛУКЬЯНЕНКО жолдас). Мұнда егіс жоспары 100 процент орындалды.

ПРЕСНОВ АУДАНЫНАН:

«ПЛАМЯ» колхозы (председателі КАЛУГИН жолдас). Бұл колхоз егіс жоспарын толық орындап, жоспардан тыс 10 гектар егіс екті. «ОРГАНИЗОВАННЫЙ ТРУД» колхозы (председателі МИХАЙЛОВ жолдас). Бұл колхозда 950 гектар орнына 960 гектар егіс егілді. АМАНКЕЛДІ атындағы колхоз (председателі ТОҚҚОЖИН жолдас). Мұнда егіс жоспары толық орындалды. «САРМАН» колхозы (председателі АРҒЫНБАЕВ жолдас). Колхоз егіс жоспарын 100 процент орындады. «ТАЛПЫН» колхозы (председателі ЖҰМАБАЕВ жолдас). Мұнда 550 гектар орнына 580 гектар егіс егілді.

СОВЕТ АУДАНЫНАН:

КУЙБЫШЕВ атындағы колхоз (председателі ТҰЯҚБАЕВ жолдас). Бұл колхоз 350 гектар орнына, 354 гектар егіс екті. «САРТОМАР» колхозы (председателі ӘУБӘКІРОВ жолдас). Колхоз егіс жоспарын 100 процент орындады. ВОЗВЫШЕН астық совхозы (директоры ТИТОВ, партия ұйымының секретарі ЗОЛОТУХИН жолдас). Совхоз 5835 гектар егіс егу жоспарын 21 майға дейін толық орындап, 23 майға дейін жоспардан тыс 119 гектар егіс екті.

БРОЗНИКОВ ИВАН—Совет ауданындағы Шағлы МТС-нің тракторшысы. Ол «Колос» колхозында ХТЗ тракторымен тапсырманы 200 процент орындап, 86 килограм жанармай үнемдеді.

КОВАЛЕНКО ВАСИЛИЙ—Совет ауданындағы Шағлы МТС-нің тракторшысы. Ол «Колос» колхозында 44 гектар орнына, 78 гектар жер жұмыстады. көктемде трактормен істелетін жұмыс жоспарын 180 процент орындап, 204 килограм жанармай үнемдеді.

Совет ауданындағы САРТОМАР МТС-нің трактор бригадасы (бригадирі ПОМОЗАН жолдас) Бұл бригаданың мүшелері «Сартомар» колхозында 423 гектар орнына, 484 гектар жер жұмыстады. 15 аттық күші бар әрбір трактор мен 121 гектар жер жұмыстады.

СУХОМЛИНОВ АНДРЕЙ—Совет ауданындағы Шағлы МТС-нің тракторшысы. Ол тапсырманы 240 процент орындап, 50 килограм жанармай үнемдеді.

ХОЛИН ПЕТР—Октябрь ауданындағы Коновалов МТС-нің тракторшысы. Ол «Гигант» колхозында өз сменасында 227 гектар жер жұмыстап, көктемде істелетін жұмыс жоспарын 175 процент орындады.

ПЕРЕПЕЛКИН ЯКОВ—Октябрь ауданындағы Коновалов МТС-нің тракторшысы. Ол «Гигант» колхозында 131 гектар жер жұмыстап, 228 килограм жанармай үнемдеді.

Н. ТЕСОВА—Октябрь ауданындағы Коновалов МТС-нің тракторшысы. Ол «СВОБОДНАЯ СТЕПЬ» колхозында тапсырманы 175 процент орындап, 50 килограм жанармайды мөлшердегіден кем жұмсады.

КОВЗАЛЬ ПЕТР—Октябрь ауданындағы Коновалов МТС-нің тракторшысы. Ол «Свободная степь» колхозында тапсырманы 200 процент орындап,

Трактор күші толық пайдаланылды

Ленин ауданының колхоздар алдыңғы қатарлы трактор бригад жеке тракторшылары көктемгі тракторларды өнімді пайдаланудың мен, республикамыздың 25 жасы атындағы социалистік жарыста ал міндеттемелі абыроймен орындады, қан үлгілерін көрсетіп келеді.

Көктемгі егіс жұмыстарында тү күшін өнімді пайдалану күресінде көле жатқандардың бірі—Образцовина-трактор станциясының Грознен Власов жолдас басқарған комсомолдардың трактор бригадасы болып о Бұл бригада белгіленген жоспар бойынша Шевченко атындағы колхозға 15 гектар жер жұмыстап беруге тиіс Тракторшылар 15 аттық күші бар трактормен 144 гектардан жер жұмыстап, бұл тапсырманы толығымен орындап шықты. Сол үшін де Власов дауыстың трактор бригадасына Қазақ Халық Комиссарлары Советі мен ҚК(б) Орталық Комитетінің ауыспалы құрғы тапсырылды.

Көктемгі егісті үлгілі өткізу жөнінде социалистік жарыста Максим Юшко жолдас басқарған комсомол-жастардың трактор бригадасы аудан бойынша екінші орынға ие болды. Бұл бригаданың мүшелері жұмсақ жерге айналдырғанда 100 гектардан аса жер жұмыстады. Бригаданың жекедеген тракторшылары өнімділігін еселеп арттыруда ерекше нәтижеге жетті. Мәселен, тракторшы Леонид Обородин жолдас СТЗ тракторымен 100 гектар жер жұмыстады, 52 гектар орнына 102 гектар жұмыстады.

Ильич атындағы машина-трактор станциясының Пушкин атындағы колхоз жұмыс істейтін тракторшысы Матвей Подулин жолдас мереке атындағы социалистік жарыста басқалардан үздік шықты. Ол СХТЗ тракторы мен жұмсақ жерге айналдырғанда 88 гектар жер жұмыстап, көктемгі егіс кезінде тапсырманы екі есе артық орындады.

Жоғарыда аталған трактор бригадаларының тракторшылары бұл табысты тракторларды күту жұмысын белгіленген техникалық ережелерге сәйкес, күн сәулесін ұқыпты жүргізіп отыру арқасымен

ірірегімізге Отанымыздың таңдаулы ұлдарын топтандыру, өзіміздің азаттық туын қолымызға мықты ұстаған, ата-бабаларымыздың таңдаулы ұрпақтары екенімізді бүкіл Шығыс аясында көрсету хажет екендігі жөнінде Сіздің 1925 жылы Тәжікстан большевиктеріне берген нұсқауыңыз біздің есімізде. Сіздің бұл тарихи нұсқауыңызды орындай отырып, бейбіт құрылыс дәуірінде соғыс күндеріндегідей қажырлы қайратпен еңбек істейміз.

Тәжікстан еңбекшілері ұлы жеңісті мерекелей отырып, социалистік Отанымыз—Советтік Социалистік Республикалар Одағының күш-қуатын бұрынғыдан да нығайтып гүлдендіру үшін өздерінің барлық күшін жұмсайды деп қымбатты Сталин жолдас, Сізге серт береді.

Ұлы жеңісіміз жасасын!

Қуатты Советтік Отанымыз жасасын!

Жеңімпаз батыр Қызыл Армия жасасын!

Армия мен халқымыздың көсемі кемеңгер Сталин жасасын!

Тәжік ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі **М. ШАҒАДАЕВ.**

Тәжік ССР Халық Комиссарлары Советінің Председателі **М. ҚҰРБАНОВ.**

Тәжікстан К(б)П Орталық Комитетінің Секретарі **Д. ПРОТОПОПОВ.**

МОСКВА, КРЕМЛЬ

Иосиф Виссарионович Сталинге

Қымбатты Иосиф Виссарионович!

Востандық сүйіш барлық халықтарды құлдыққа және қырғынға ұшыратпақшы болған сұрқыя және ақшым жауды одақтастарымызбен бірлесе отырып талқандаған Қызыл Армияның қолбасшысы Сізге эстон халқы жеңістің бақытты күндерінде зор алғыс айтады.

Барлық совет халықтарының еңбек жұмсап, қан төгуі, көп құрбандық жұмсап, таршылық көруі арқылы қол жеткен жеңіс бізді ұлы мақтанышқа бөледі. Жеген халық, совет халқымен бірлесіп күрес жүргізгендігімізді, өмір сүріп, еңбек істеп отырғандығымызды мақтан етеміз. Немістерге жаданған буржуазияны билеп-төстеушілердің гулагушылығын жойып, Советтер Одағына қосылу арқылы эстон халқының 1940 жылы данышпандық және көрегендікпен іс еткендігін қазір бүкіл дүние жүзі көріп отыр. Эстон халқы өзінің тәуелсіз және еркін тіршілік етуін, бахытын, өсіп-өркендеуін қамтамасыз етті. Германияны толық жеңіп шығуымызбен аяқталған ұлы Отан соғысы эстон халқының нешеме ғасыр дан бергі қас жауының күл-талқанын шығарды. Эстон халқы 700 жыл бойына өз тағдырының үнемі қатерге ұшырауы жағдайында, неміс басқыншылардың өздерінің үнемі хауіп-қатер туғызуы жағдайында болып келді. Міне қазір эстон халқы өзінің тарихында болашағы мен тағдыры үшін қорқыныш дегенді білмей тұнғыш рет өмір сүре алады, өзінің бахытты болашағына қатты сенеді.

Ұлы Советтер Одағы эстон халқының Отаны болып отыр. Ұлы Советтер Одағында халқымыздың болашағы, оның үміті бар. Жаудың қара күші мен залымдығының ешқайсысы, өздерін эстондыз деп атауға лайық емес сұрқыя онасыздардың істеген жауыздық әрекетінің ешқайсысы тарихты өзгерте алмайды, эстон халқын оның бауырлары совет халықтарынан ажырата алмайды. Біз совет халықтарымен өмір бойына қосылдық. Әділетті ісіміздің мүддесі үшін совет халқының төккен қаны біздің шын ықыласпен жарасқан достығымызды хасиетті етеді.

Соғыс біздің толық жеңісімізбен аяқталды. Ол осылай аяқталуға да тиіс еді. Қымбатты Сталин жолдас, Сіз бейбітшілікпен даму дәуірінің басталғандығын естіргіңіз. Эстон халқы өзінің дәстүрі болған еңбек сүйгіштік және қажырлылықпен, біздің жерімізге неміс басқыншылар салған жараны жазып жатыр. Біз нағыз күрделі жоспарларды жүзеге асыруға бел байлап отырмыз, біздің Советтік жас Республикамызды Ұлы Советтер Одағына лайық, ұлы совет халқына лайық өркендетуге бір кісідей жігерленіп отырмыз. Совет халықтары арасында өмір сүріп, еңбек істеу зор аброй, үлкен бақыт, зор қуаныш.

Халықтардың Сталиндік достығы жасасын!

Жеген халық, совет халқы жасасын!

Ұлы Советтер Одағы жасасын!

Фашистік Германияны жеңіп шыққан туысқан Қызыл Армия жасасын!

Жеңістерімізді ұйымдастырушы туысқан Сталиннің даңқы арта берсін!

Эстон ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі **И. ВАРЕС.**

Эстон ССР Халық Комиссарлары Советінің Председателі **А. ВЕЙНЕР.**

Эстон К(б)П Орталық Комитетінің секретарі **Н. КАРОТАММ.**

Жоспардан тыс 12 гектар

БОГОЛЮБОВО. (Өз тілшімізден). Перлов жолдас председатель болып істейтін «Семеновод» ауыл шаруашылық артелинің мүшелері ауданда бірінші болып егіс жоспарын орындап шыққан болатын. Олар жоспар бойынша 580 гектар орнына, 582 гектар жерге тұқым сеуіп, мереке атындағы социалистік жарыста берген уәделерін аброймен орындады.

Колхоз мүшелері жоспардан тыс егіс егу жөніндегі Киров атындағы колхоз мүшелерінің бастамасын қызу қолдап, қазір жоспардан тыс егіс егу үшін 24 гектар жер жыртып. Мұның 12 гектары дереу тырмаланылып, оған тұқым себілді.

ИГІЛІКТІ БАСТАМА КЕҢ ӨРІС АЛУДА

Ленин ауданындағы «Ақтас» ауыл шаруашылық артелинің (председателі Мұқа-меджанов жолдас) мүшелері ауданда бірінші болып көктемгі егіс жоспарын орындап шықты. Олар жоспар бойынша 800 гектар жерге тұқым сеуіп. Қазір колхоз Полудень ауданының Киров атындағы колхоз мүшелерінің үлгісі бойынша жоспардан тыс егіс егіп жатыр.

Жоспардан тыс егіс егу жөніндегі кировшілердің тамаша игілікті бастамасын Чкалов атындағы колхоздың мүшелері зор өрлеумен қарсы алды. Колхозшылар онкүндіктің алғашқы күндерінде егіс

жоспарын толық орындады. Колхозшылардың жұмыс қорытындысын шығаруға арналған жыйылысында егін бригадасының бригадирі Китайгора жолдас былай деді:

—Біз быйыл жұмысты өткен жылдан анағұрлым жақсы және ұйымдастырып түрде істедік. Көктемгі егіс жұмыстарына барлық колхозшылар шықты. Колхозымыздың егіс жоспарын мерзімінен бұрын орындауына Куйбышев атындағы машина-трактор станциясының Лешкевич жолдас басқарған трактор бригадасының мүшелері үлкен көмек көрсетті.

Т. ҚҰРМАН

Егіннен мол өнім алу жолындағы бүкіл халықтық жорықты бастай білейік

Қазақстанның колхоз, совхоздары ең жауапты кезеңге кірісті—көктемгі егісті аяқтау жөніндегі онкүндік басталды. Онкүндікті ойдағыдай өткізу ісінде комсомол мүшелері мен ауыл-селоның жас отандықтары ерекше қызмет атқаруға тиіс.

Республикамыздың барлық жерлерінен түскен хабарлар ауыл шаруашылығы озықтарының игілікті бастамасы бойынша, республикамыздың 25 жылдығы хұрметіне ұйымдастырылған социалистік жарыстың күн санап өріс алып отырғандығын ысықтайды. Бүкіл одақтық және республикалық социалистік жарыста егіннен мол өнім алушы, жастардан құрылған 4 мыңнан аса звено мен 700 трактор бригадалары үздік шығып отыр. Егіннен мол өнім алушы звенолардың көпшілігі өз учаскесінде егіс жұмыстарын 5—7 күн ішінде агротехникалық жоғары сапада аяқтады.

Егіннен мол өнім алушы жас шеберлер: Қарағанды облысының «Красный Октябрь» колхозы ағы Гаппа Литвишко жолдас басқарған звено, Солтүстік Қазақстан облысының «1 Май» колхозындағы Воробьева жолдас басқарған звено, Павлодар облысының «Отзек» колхозындағы Анна Лацкова жолдас басқарған звено тағы басқалары көктемгі егісті үлгілі өткізді.

Жастардан құрылған трактор бригадалары көктемгі егісте үздік шығып, ауыл шаруашылығында механизатор қызметкерлерінің социалистік жарысының жаршысы болды. Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі мен КК(б)П Орталық Комитеті жастардан құрылған трактор бригадаларының көктемгі егістегі жұмыс

сына зор баға берді. Жастардан құрылған 9 трактор бригадасына май айының алғашқы онкүндігінде Орталық Партия Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің ауыспалы Қызыл тулары тапсырылды.

Жамбыл облысындағы Орынбасар Шаймерденов жолдас басқарған трактор бригадасы аса зор табысқа жетті. Ол социалистік жарысқа қосылып, дөңді егіспен қант қызылшасын 7 жұмыс күнінде салып шығып, трактормен істелетін жұмыстардың жылдық жоспарын 10 майға дейін 105 процент орындады. Бригаданың істеген жұмысы сапалы деп табылды. Бригада бұл табысқа машиналарды техникалық жарғынан күту ережесін тыңғылықты қолдану, еңбекті дәмдел ұйымдастыру және еңбек тәртібін нығайту нәтижесінде жетті. Шаймерденов жолдасының бригадасы жеңіс мерекесі хұрметіне вахтаға тұрып, қант қызылшасын жұмыстау және пар жырту жоспарын мерзімінен бұрын орындауға міндеттенді. Қарағанды облысындағы Зоя Тимашенко басқарған әйелдерден құрылған трактор бригадасы тағы басқа көптеген бригадалар жұмыста үздік нәтижеге жетті.

Егіс кезінде соқашы және тұқым себуші болып жұмыс атқарып жүрген жас колхозшылар еңбек ерлігінің үлгісін көрсетуде. Көкшетау облысының Келлер ауданындағы «Рассвет труда» колхозының комсомол мүшелері мен жастары егіс жұмыстарын қысқа мерзімде үлгілі өткізуді көздеген социалистік жарыстың жаршысы болды. Жас жігіттер мен қыздар егіс даласында таң сәріден түн қараңғысына дейін жұмыс істеді. Комсомол мүшесі

Иван Володин екі тілді соқамен қазірдің өзінде 90 гектар жер жыртып. Ол күніне 2—3 мөлшер орындап жүр. Вера Головкина тұқым сеуішпен 130 гектар дөңді егін егіп, облыстағы егіс жеріне тұқым себуші жастардың жарысында бірінші орын алды. «Рассвет труда» колхозы егісті агротехникалық жоғары сапада өткізіп, Қызыл Армия қорына жоспардан тыс егін салып жатыр.

Онкүндіктің басталуымен байланысты, аудандық және облыстық комсомол комитеттері өздерінің барлық жұмысын онкүндікті табыспен өткізу ісіне бағындыруға тиіс. Ауыл-село жастарының барлық күшін егіске жұмылдырып, колхозды ауыл-деревняның барлық мүмкіншілігін жұмысқа пайдалану хажет. Сөйтіп әрбір колхоз, совхозда барлық тракторларды, секаторды жұмысқа толық шығару керек, әрбір комсомол мүшесі мен жас колхозшының міндеті тыңғылықты белгіленіп, бригадир, тракторшы, тұқым себуші, звеношы үшін ұлғайтылған тапсырма тағайындалуға тиіс. Жұмыс күнінің ережесі тыңғылықты белгіленіп, еңбек тәртібі ешбір бәсеңдейтін болсын.

Орталық комсомол комитеті барлық тракторшыларды алдыңғы қатарлы трактор бригадаларының жұмыс тәжірибесінен үлгі алуға, жеңіс хұрметіне вахтаға тұрып, тракторлардың өнімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуге шақырады.

Ауыл-село комсомол ұйымдары мен аудандық комсомол комитеттері әрбір колхозшы мен тракторшының күнбе-күнгі істеген жұмысының дұрыс есепке алынуын жолға қойып, әрбір колхоз, совхоз бойынша белгіленген жұмыс тапсырмасының толық және артығымен орындалуын қамтамасыз етуге тиіс.

Ауыл-село комсомол ұйымдары тракторшыларға, тұқым себушілерге, тіркеушілер мен соқашыларға зор талап қойып, егіс даласында жұмыс істеп жүрген адамдардың тұрмыс және мәдени тілегін өтеу

Олар көктемде трактормен істелетін жұмыс жоспарын 135 процент орындауға тиіс.

—Біз,—деді Китайгора жолдас,—ров атындағы колхоз мүшелерінің (масын қызу қолдауымыз керек. Жоспардан тыс 50 гектар егіс егуіне кіншілігіміз жеткілікті.

Колхозшылар Китайгора жолдас бұл ұсынысын мақұлдады, сөйтіп егіс егісті аяқтау жөніндегі онкүндіктің күнінен бастап, жоспардан тыс егіс егуіне кірісті де, алғашқы екі 32 гектар жерге тұқым сеуіп.

Т. ҚҰРМАН

үшін қамқорлық жасауға міндетті. Дала қостарына газеттерді ұз жеткізіп, өнерпаздардың сауық ұйымдастыру керек.

Облыстық аудандық комсомол комитеттері барлық колхозшылардың социалистік жарысында ауыл-село комсомол мүшелерінің үлгі-өнеге көрсетуіне қажырлы еңбек істеуі ары олардың егіс жұмыстарын ойдағыдай тау жолына жұмылдыра білуіне жеке болсын. Жұмыста артта қалған колхоз мен совхоздарға комсомол акжіберу керек.

Онкүндікті ойдағыдай өткізудің маңызы шарты ауыл-село жастары социалистік жарысына облыстық, аудандық комсомол комитеттерінің қолма-қол басшылық жасауы болып саналады. Олар әрбір колхоз бен ауданда жас елінің өз міндеттемесін қалай орындап жатқандығын жете білуге, артта қалғандар кезінде көмектесіп, әрбір колхоз совхоз бен облыстық міндетті егіс жеріне дейін аяқтауына жетуге тиіс.

Көктемгі егісті аяқтау жұмысында жолдағы комсомол мүшелері ауыл-село комсомол ұйымдарына әсерлі көмек етіп, мәдениет бригадаларын, газетшілерді, ұрандар жіберуге тиіс.

Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитеті барлық комсомол мүшелері мен ауыл-село жастарының көктемгі егісті аяқтау жұмысына жұмылдыруға шақырады.

Онкүндік кезінде әрбір комсомол мүшесі мен жас колхозшы егіс даласында жұмыс істеуіне, ал комсомол ұйымдары егіннен мол өнім алу жолындағы бүкіл халықтық жорықты бастай білуге тиіс.

Комсомол мүшелері мен ауыл-село жастары ауыл-деревняда социалистік жаңашылдықтың алдыңғы сапында болындар.

А. ФЕДУЛИН

ҚЛЖО Орталық Комитетінің секретарі.

Гитлерінің Освенцимдегі сұрапыл қылмыстары туралы

(Неміс-фашист басқыншылардың және олардың сыбайластарының жауыздық істерін тексеріп, анықтайтын Мемлекеттік Төтенше Комиссияның білдіруінен)

қаласы төңірегінде орасан болғаны, бұл лагерді Германияға түсірілген совет адамдарын құрғаны туралы Мемлекеттік комиссияға Қызыл Армия Полюс Жоғарғы Силезияны азат еткеннен мәліметтер түсті. Соңы Полюс Силезиясын азат еткен Қызыл Армия бөлімдері ді тапты.

Төтенше Комиссияның тапты 1-Украин майданының жасы Мемлекеттік Төтенше Комиссиямен бірге 1945 жылдың март айларында немістердің лагеріндегі жауыздық істерін серді. Оны тексеруге арнаулы комиссиялары қатысты.

Армия Освенцим лагерінен азат еткендердің жауабы, оларды дәл еңбегін және немістердің қалған документтерін, шегінген ашқан крематорийлер мен олардың қалдықтарын лагерден өлкітерді, Европаның түрлі немістер жөнін, қырған адамзаттары мен документтерін зерттеу неміс басқыншылардың қылмыстары анықталды.

Ім лагері 1939 жылы СС рейхсгеттердің бұйрығы бойынша, қысқа Европа елдерінің құлдық пен азаматтарын жою үшін арналған. Мұнда лагердің толып үрі болған. Ол лагерлерде 180 50 мыңға дейін тұтқын болған. Лагерлердің бәрінің айналасы орлар қазыған, тікенек сым алынған, бұл сымға күшті әлек жіберілген.

Лагерлердің бірінде өлтірілген адамдардың өлтірілген үш бірінші крематорий салынған. Ой жанында адамдарды тұншықтыратын газ камерасы—«арнау» болған. Бұл бірінші крематорий 3 жылдың орта шеніне дейін өзіметін атқарып келген. 1942 жазында Гитлер Освенцим лагеріне қарағанда бұл крематорийді кеңейтуге және техникасына бұйырып. Жаңа қуатты крематорийлер салу немістердің Эрфурттегі «неміс балалары» деген фирмасына

никасын үйрену үшін тұтқындарға ойына келгенін істеген. Немістердің жас дәрігері Кениг Аяқ-қолы жарахатты тұтқындарды іріктен алып, адамның денесін кесу тәжірибесін үйренген. Неміс дәрігерлері Тилло мен Финер көптеген тұтқындарды жыйнап алып, ешқандай сұраусыз кесіп тіле берген. Аурухананың бас дәрігері Эндерс аздан іші ауырған адамдардың ішін тіліп, қарнындағы жараға операция жасауды үйренген.

Аушвиц лагерінің аурухана бөлімдерінде әйелдерге тәжірибе жасалған. Лагердің 10-бөлігінде 400дей әйел болған. Оларды бедеу ету, зорлап босандыру тағы басқа сондай зұлымдық тәжірибе жасалған. 21-бөлікте ер адамдарды рентген сәулесімен еркектіктен қалдыру тәжірибесі жасалған. Еркектерді осындай рентген сәулесінен өткізгеннен кейін белгілі мерзімде шітіретін болған.

Немістердің бас дәрігері Эндерстің бұйрығы бойынша, 1941 жылдан 1944 жылға дейін лагердің ауруханаларында жүрекке дәрі құю жолымен өлтіру тәжірибесі жасалған. Мұны алғашқы кезде дәрігер Деринг істеген, кейіннен санитарлар істейтін болған. Бұрын өткізілген болған Клер деген неміс осындай жолмен мыңдаған адамды өлтірген. Тұтқында болған поляк Панчик осындай дәрі жіберу жолымен 12 мың адамды өлтірген. (Кейіннен оны тұтқындағы поляктардың өздері өлтірген). Штабс деген неміс мұндай жолмен 10 мың адамды өлтірген.

Лагердің кеңсесінен табылған бірсыпыра документтер бойынша да осындай адам айтқысыз жантүршігерлік жолмен көп тұтқынның өлтірілгені анықталды.

Тұтқындарды «селекциялау» яғни оларды газбен тұншықтырып, отқа жағу үшін іріктен алуда да неміс дәрігерлері зор жауыздық жасаған. Неміс дәрігерлері тұтқындарды «селекциялауды» барлық жерде жүргізген. Олар жұмысқа жарамайтын, жүдеген, ауру адамдарды газ камераларына жөнелте берген.

Немістің Освенцим лагеріндегі бас дәрігері Биртстің бұйрығы бойынша, бөртпе сүзек пайда болған кезде тұтқындарды бүкіл барағымен газбен тұншықтырып қырған.

Неміс дәрігері, медицина докторы Валентин Эрвиннің айтуына Германияның химия өнеркәсібінің өкілдері Кенигс-

жанған екі үлкен отты көретін едік. Лагерде түні бойына адамдардың зарлаған дауыстары, жан түршігерлік айқайы, әсесілердің күзет іштерінің үрген даусы естіліп тұратын. Лагердің дәрігері доктор Менгеле өкі аптада бір рет адамдарды іріктен, мұнан кейін оларды крематорийге өлтіруге жөнелтетін. Мәселен, осындай күндердің бірінде 500 бала өлтірілді».

IV

Освенцим лагерлерінде тәжірибе жасауға арналған адамдардан басқа, ең ауыр жұмысқа салуға арналған 200 мыңдай адам үнемі болып тұратын. Бұл ауыр жұмыстағы адамдар әбден жүдегеннен кейін оларды өлтіретін. Олардың орнына келген әйелдерден тағы да адамдарды іріктен алатын. Бұл әдейі ұйымдастырылған кісі өлтіргіш конвейер еді. Біреулер өлтіріліп, олардың орнына жаңа адамдар әкелініп, әбден жүдегенге дейін, ауырғанға дейін рахымсыз жұмысқа салып, мұнан кейін олар да газ камераларына жөнелтіліп отырылатын болған.

1941 жылы немістер Освенцим майданында И. Г. Фарбенинструидің үлкен соғыс-химия заводын, бомбалар мен снарядтар үшін жарылғыш заттар жасайтын соғыс заводын салуға кірісті. Освенцим лагеріндегі санмың тұтқын бұл заводтарды салу жұмысында, батнақтарды құрғату жұмысында, шахталарда, жол құрылысында ауыр жұмыстан азат шеккен.

Әсесілер, бақылаушылар, мәстерлер бойын жазған, топырақты күрекпен аз алған, жұмысты жай істеген әрбір адамды айуандықпен сабайтын, тас тиеген арбаны жүгіріп жүріп тартуға бұйыратын.

Шаршап құлаған адамдарды табанда атып тастайтын. Тұтқындарды өлтіруді лагердің бастықтары қостан отыратын. Обер штурмбанфюрер Либегеншель «қапшаға ниеттенген» әрбір тұтқынды өлтіргені үшін әсесілерге 60 марка сыйлық беруге бұйрық шығарды. Бұл сыйлыққа қыздықан әсесілер адамдарды жазықсыз өлтіре берген.

Освенцим құрылыс учаскелерінде тұтқындарды қалай қырғынға ұшыратқаны туралы бұрын сол лагерде тұтқын да болған бельгиялық Штаман Морис былай деді: «...1943 жылғы августа-

ды жанып жатқан отқа лақтырғанын өз көзіммен көрдім».

Лагерде туған балаларды әсесілер аналарынан тартып алып өлтіре берген. Әкелінген әйелдердің жүкті екенін білісімен немістер оларды бөлек баракқа қамап күні бұрын бала тастаттырған. Қарсылық көрсеткен жүкті әйелдерді газ камерасына жіберген.

VI

Освенцим лагерінде немістер әртүрлі елдердің ондаған мың көрнекті білімпаздарын және интеллигенцияның таңдаулы адамдарын өлтірген.

Мемлекеттік Төтенше Комиссияға үш тілде—неміс, венгер, француз тілдерінде жазылған «халықаралық жұртшылыққа арналған үндеу» түсті. Бұл үндеуге Освенцим лагерінде болған 27 тұтқын—профессорлар, докторлар, инженерлер, адвокаттар, студенттер және әртүрлі елдің интеллигенциясының басқа сондай өкілдері қол қойған. Үндеу мынадай сөздермен басталған: «Біздер, төменде қол қойғандар, ұлы Қызыл Армия нацистердің қанқұйлы қысымынан азат еткен интеллигенттер, Адольф Гитлердің бастылығындағы Германия үкіметін адамзаттың тарихындағы сұрапыл қылмыстарды істеп, жанпай кісі өлтіруде, айуандық істеуде адамдарды фашистердің құлдығына айдап әкетуде бүкіл дүние жүзінің жұртшылығы алдында айыптаймыз».

Үндеу мынадай сөздермен аяқталған: «Біз соғысушы және битарпа мемлекеттердің жұртшылығын, олардың үкіметтері, адамгершілік хақына, нацистердің айуандығы мен қылмыстарына келешекте жол бермеу үшін, сан миллион жазықсыз адамдардың қаны босқа төгілеуі үшін мүмкін болған шаралардың бәрін қолдануға шақырамыз».

VII

Освенцим лагерінде гитлершілер өздерін бүкіл дүние жүзі алдында әшкере деп, жазықсыз адамдардың қанын төккен қанқұйлы жауыздар екенін, оның үстіне өздерінің құрбандықтарын, әртүрлі елдерден Освенцим лагеріне әкелінген сан миллион адамдарды келген бойда ұйымдасып тонаушы жалмауыздар екендігін көрсетті. Тұтқындардың заттарының бәрін әсесілер тартып алып Германияға жөнелте берген. Құнды жұмысқа қалыбырған жұмысқа жарамды адам-

Хат сөзі

Алдында Аскардың Ақбілекке жазған хаты жатыр. Гвардия лейтенант Аскар Жанайдаров бұл хатты Арқадағы Аруы Ақбілекке Берлиннен жазыпты. Арқа жігітінің аруына жазған хатын оқып отырмын. Аскар жарына сырын ақтарып, осы хатында өзінің төрт жыл бойғы жорық жолдарын түгел баяндаған секілді. Оқушыларға офицер жігіттің ауыл қызына жазған хатын тартқым келеді.

«—Сәлеметсіз бе, сәулем?»

Бүгін майдың 9. Мен Берлиндегі Рейхстаг үйінің биік мінбесінде осы хатты саған жазып отырмын. Дәл қазір шығысқа қылаң беріп таң да атып келеді. Ол әдеттегідей әлемге сәулесін ғана түсіріп қоймай, өзімен бірге ұлы жеңісімізді ала келді. Бүгін мен төрт жылғы өмірімде бірінші рет еркін отырып, саған осы хатты жаздым. Қазір Рейхстагтың мінбесінен Берлин аймағына, алыс көкжиекке көз жіберіп отырмын. Міне, зұлым жаудың ордасы талқандалып, ортасына түскен шаңырағы—сенің жарыңның табанының астында жатыр. Дәл қазір—сұлмат түнінен бүкіл әлем арылған тұңғыш минут. Аспан ашық. Көк жүзіңдегі шөкімдей ақша бұлт сенің ақ желегіңне маған сақтаған ақ жібек орамалың немесе алдыңда түтіп отырған түбітің сияқты. Таң шолпаны да бүгін сәулесін әлемге еркін түсіріп, алты басты аждаһаның басын алып, аяғына басқан батырларды құттықтағандай.

Дәл осы минутта Ақбілек қайда екен деген ойға шөмдем. Мүмкін ақ шымылдықтың ішінде шырты ұйқыда боларсың. Не қызыл орамал шаршы орап трактордың ролін ұстап, Есіл өңірінің жер қыртысын төңкеріп жүрген боларсың. Сенің ақ жүзің мен қарақат көзің менің көз алдымда. Сенің тұлғаң немістердің өлгің көңір қып, Висла, Одер, Шпрее өзендерінен өткенде де, өмір мен өлім белдескен қанды айқаста да нәшеме күн бойы бел шешпей, кірпік қақпай, тебілгі тәрге шірітіп, асуысыз биік таулардан, лу ормандардан, мый-битпақты далалардан өткен жорық кезінде де көз алдымнан кеткен емес. Бүгін сенің ақ жүзің жайнай түсіп, Рейхстаг мінбесінде отырған маған күлімдей сүйсіне қараған сияқтысың.

Өлі есімде. Бұдан төрт жыл бұрын июль айының аяқ кезінде мені шығарып салдың. Әшелон жылжып батысқа қарай кете берді. Қараңғы түнде ақ желегің атараңдап, «Жеңіспен тез орал» деп арымда қала бердің. Төрт жыл бойы мені есіңе алып, талай налыған боларсың. Бірақ шаймал бәлін қылап, төрт жыл

Германияны жеңу хұрметіне СССР-ның Париждегі елшілігінде болған қабылдау

ПАРИЖ, 23 май. Германияны жеңу хұрметіне, кеңе СССР елшілігінде қабылдау болды. Қабылдауда министрлер Тиксее, Жакино, Френз, Лоран, Пароли және басқалар, елшілік корпусының мүшелері, Кеңес Ассамблеясының председатели Гуэн, коммунист партиясының басшылары Торез, Кашен, Дюкло, Мэрти, социалистер партиясының басшылары Мейер, Венсен Ориоль, радикал-социалистер партиясының басшылары Аксьоннас, Бастия, қарсылық көрсетудің Ұлттық Советінің председатели Сайян, жалпыға бірдей Еңбек Конфедерациясының секретарьлары Монмуссо, Фрашон, Толле және басқа адамдар болды. (ТАСС).

Ұлы Британия Бас Министрі Уинстон Черчилльдің орнынан түсуі

ЛОНДОН, 23 май. (ТАСС). Рейтер агенттігінің хабарына қарағанда, Ұлы Британия Бас Министрі Уинстон Черчилль орнынан түскен. Бас Министрдің қызмет орнынан жарияланған ресми мәлімдемде, Черчилль 23 майда корольге барып жолыққаннан кейін орнынан түсті делінген. Бас Министр Черчилльдің орнынан түсуіне байланысты мұнда Ұлт үкіметінің өмір сүруі аяқталды.

Рейтер агенттігі саяси тілшісінің хабарына қарағанда, қазіргі бұхара палатасындағы Аса ірі партияның басшысы ретінде Черчилльге корольдің жалпыға бірдей сайлауға дейін елдің істеріне басшылық жасау үшін «ауыспалы» үкімет құруды тапсыратындығын сеніммен айтуға болады. Англияда сайлау 5 июльде болмақ. Бас министрдің жоспары қазірдің өзінде дайын болды деп болжағанмен де, жаңа үкіметтің составы, деп жазады тілші, тек аптаның аяқ кезінде ғана мәлім болады.

Англия королі Черчилльге жаңа үкімет құруды тапсырды

ЛОНДОН, 23 май. (ТАСС). Рейтер агенттігінің хабары бойынша, бүгін түстен кейін ағылшын королінің Бас Министр Уинстон Черчилльдің орнынан түсуін қабылдап, оны қайтадан Бас Министр етіп тағайындағандығы, сөйтіп оған жаңа үкімет құруды тапсырғандығы ресми түрде жарияланды.

Рузвельт қайтыс болғаннан кейін оны „Хұрмет медалі-

дамдар «циклон» деген умен түншықты
ылатын болған. Бұл умен түншықтырыл
ан адам 3—5 минуттың ішінде өлетін
болған. Өліктерді 20—30 минуттан ке
ін крематорий пештеріне жіберіп тұра
ын болған. Өртер алдынан өліктердің ал
тын тістерін суырып алатын болған.

Газ камералары адамдарды тез уланды
рып үлгеретін болғандықтан немістер
өздері крематорийлерде өртеп үлгіре ал
май, оның үстіне әдейі от жағып, соған
өртейтін болған. Мұның үшін ұзындығы
25тен 30 метрге дейін, көлденеңі 4—6
метр, тереңдігі 2 метр арнаулы орлар қаз
ған. Орлардың түбінде жел үрін тұратын
каналдар қазылған. Өліктерді орлардың
ішіне отынмен қабаттап үйіп, мұнай кұ
йып, соған кейін өртейтін болған. 1943
жылы немістер өртепбеген сүйектерді
өнеркәсіпте пайдалану мақсатымен, ұн
тап «Штрэм» фирмасына сатып тұрған.
Фирма оған жер өңдейтін тыңайтқыш
даярлайтын болған. Лагерде «Штрэм»
фирмасына адам сүйектерінің 112 тонна
600 килограмм ұнтағы жіберілгені тура
лы документ табылды. Немістер өлтіріле
тін әйелдердің кесілген шаштарын да
өнеркәсіп хажеті үшін пайдаланған.

Освенцим лагерінде немістер күн са
йын 10—12 мың адамды, оның ішінде
келген эшелондардан 8—10 мың, лагерь
дегі тұтқындардан 2—3 мың адамды өл
тіріп, өртейтін болған.

II

Освенцим лагерінде неміс-фашист про
фессорлар мен дәрігерлер тірі адамдарға
«дәрігерлік» тәжірибе жасап, жан түрші
герлік жаңалықтар таппаң.

Қызыл Армия тұтқыннан азат еткен
дәрігерлер: Парижлық Штейнберг, Виль
нистік Гордон, Югославиялық профессор
Гроссман, Берлиндік дәрігерлік ғылымда
рының докторы Валентин Эрвин, Вен
гриялық Кешник Анна, Голландиялық Ле
вант Эдуард, Парижлық Флехнер Аль
берт неміс-фашист профессорлар мен дәрі
герлерін тұтқындарға істеген толып жат
қан «дәрігерлік» тәжірибелерін өз көздері
мен көргендігін айтты.

Неміс дәрігерлері операция жасау тех

ғаннан кейін, оларды өртеп жіберетін
болған. Мұндай жолмен немістер өздері
нің жауыздық тәжірибесіне куә болатын
адамдарды жоймақ болған.

III

Әдейі өлтіру үшін Освенцим лагеріне
күн сайын 3—5 эшелон адам әкелініп
тұрғаны әрбір эшелонда 1500—3000
адам болғаны төргеуде анықталды. Мұн
дай адамдар Европаның барлық елдері
нен әкелініп тұрған. Әрбір эшелоннан
немістер лагерьдегі жұмысқа жарайтын
200—500 адамды іріктеп алып, басқала
рын тура газ камералары мен крематорий
лерге жіберіп тұрған.

Вильнюс қаласының адамы куә Гор
дон Яков жауабында былай деді: «...Ос
венцим лагеріне мені 1943 жылғы 22
январьда әкелді. Біздің эшелонда барлығы
3650 адам болды, оның ішінен 265 ер
кек, 80 шамалы әйел лагерьге жіберілді,
басқаларын крематорийлерге жөнелтті—
оларды газбен түншықтырып, өртеді,
оның ішінде әйелім (ол дәрігер еді) Ма
тильданы, төрт жарым жастағы ұлымды,
73 жастағы әкемді, 64 жастағы анамды
өртеп жіберді».

Куэ Дессанти Эмили, ұлты жағынан
Италия әйелі, былай деді: «...1944 жыл
ғы 12 сентабрыде гитлершілдер бізді Ита
лиядан Освенцим лагеріне әкелді. Лагерь
ге итальяндықтардан 500 адам әкелді,
оның ішінен небәрі 30 адам тірі қалды,
қалғандарын лагерьде айуандықпен азап
тап өлтірді».

Париж университетінің медицина докто
ры профессор Бертольд Эппштейн Комис
сияға былай деді: «...Іріктеп алынған
тұтқындарды өлтіру үшін газ камера
ларына жөнелтіп тұрды. Газ камераларына
өлімге айдалған лек-лек адамдарды бірне
ше ай бойына көріп жүрдік, әсіресе 1944
жылғы май, июнь айларында көп адам
өлтірілді. Бұл кезде крематорийлерде
өліктерді күні-түні өртеп жатты. Көп
уақытта отқа күйген еттің, шаштың не
месе тырнақтың иістері келіп тұратын.
Бұл кездерде біз крематорийлерден шық
қан оттардан басқа, түн ішінде лаулап

әсірлер бізге қарап: «Мыналарды көріп
қойыңдар, жұмысты жақсы істедіңдер,
әйтпесе сіздерді де осылайша көлеміз»
деді. Екі апта өткеннен кейін біздерді
Аушвиц лагерінің бір үйін салатын
аланды даярлауға жіберді. Әсірші Дое
ман бастаған бір топ әсәсішілер 30 адам
ды іріктеп алды да, оларды қазылған
шұңқырға әкеліп, иығынан көмді. Бұдан
кейін айттарына мінді де, сол алаңда әр
лі-берлі шауып, 30 адамның бәрін тап
тап өлтірді».

Өртүрлі ұлттан сан мың адам Освен
цим батпағының кең алаңында қаза тап
ты. Жұмыстағылардың ешқайсысы екі
үш айдан артық төзе алған жоқ. Неміс
жеңдеттер әсіресе тұтқындағы совет
адамдарына өте-мөте қатаң болды. Совет
адамдарын әдетте лагерьге әкелінісімен
өлтіретін, неғұрлым жұмысқа жарайтын
әлділерін ғана тірі қалдыратын.

V

Гитлершіл жауыздар Освенцим лагерін
де емшектегі баладан бастап 16 жасқа
дейін жүз мыңдаған балаларды өлтірді.
Эшелонмен келген балаларды немістер
әдетте бірден газ камераларына жіберіп,
түншықтырып өлтіретін. Тек дені сау
жеткіншектердің бір бөлегін ғана лагерь
дегі жұмысқа қалдыратын. 8 жастан 16
жасқа дейінгі балаларды немістер ере
сек адамдармен бірге қара жұмысқа са
латын. Ауыр бейнеттен, азаптап, сабау
дан тез жүдеп, титығына жеткен әрбір
баланы немістер өлтіріп тастайтын.

Бұрын осы лагерьде тұтқында болған,
Вильнюс қаласының дәрігері Гордон
Яков былай деді: «...1943 жылдың бас
кезінде Биркенау лагерінде 164 баланы
іріктеп алып, ауруханаға алып барды,
онда балалардың жүрегіне инемен кар
бол кислотасын жіберіп, олардың бәрін
де өлтірді». Бұрын лагерьде тұтқын бол
ған, Дюссельдорф қаласының (Германия)
адамы Бакаш Вельдтраут жауабында
былай деді: «...1943 жылы, біздер №
5 крематорийдің айналасын көрмей жүр
ген кезде мен әсәсішілердің тірі балалар

Қалған 6 складтан еркектердің 348.820
комплект киімі, әйелдердің 836.255 ком
плект киімі, аяқ киімдері, кілемдер та
былды.

Освенцим лагерінің былғары заводын
да 1945 жылғы 7 мартта комиссия әйел
дердің 293 теңдеп бұйылған шашын, бар
лығы 7000 килограмм шаш тапты. Са
рапшылар комиссиясы бұл шаштардың
140 мың әйелдің шашы екенін анықта
ды.

VIII

Освенцим лагеріндегі сұрапыл қылмыс
тарының ізін жасыруға тырысып, неміс
тер шегінер алдынан, лагерьде өлтіріл
ген адамдардың дәлме-дәл санын дүние
жүзіне көрсетіп берерлік документтердің
бәрін мұқияттай жойған. Бірақ, неміс
тердің лагерьде табылған кісі өлтіретін
күшті техникасы, Қызыл Армия азат ет
кен Освенцим тұтқындарының, жауап
алынған 200 куәнің жауаптары, табыл
ған жеке документтер және басқа зат
тай айғақтар неміс жеңдеттерін толық
әшкерелеп, Освенцим лагерінде олар
дың миллиондаған адамды уланды
рып, өртеп өлтіргенін ыспаттайды. Тех
никалық сарапшы комиссия Освенцим
лагері құрылғанынан бері неміс жеңдет
тер онда Советтер Одағының, Польша
ның, Францияның, Югославияның, Че
хословакияның, Румынияның, Венгрия
ның, Болгарияның, Голландияның, Бель
гияның және басқа елдердің кемінде 4
миллион азаматын өлтіргенін анықтады.

* * *

Немістердің Освенцим тұтқын лагерь
леріндегі жантүршігерлік қылмыстары
Гитлер үкметінің нұсқауы бойынша, жең
дет Гиммлердің басшылығымен істелген.
Мемлекеттік Тегеншо Комиссия бұл жа
уыздық қылмыстарды қолма-қол орып
даушыларды анықтады.

Олардың бәрі, сол сыяқты, Освенцим
тұтқындарын азаптауға өлтіруге өздері
қатысқан немістердің бәрі халықтардың
сөзіне тартылып, қылмыстарына лайық
қатты жазаға кесілуі керек.

рың енді арқадағы сөзге деніе
ды. Енді бұдан төрт жыл бұрын екеуміз
хоштасқан перронда мені күтіп аларсың.
Ақбілек».

М. ҒАЛЫМ.

ОБЛЫСЫМЫЗДА

Кәсіпшілер одақтары мен комсомол мүшелерінің кроссы басталды

Жуырда облысымызда кәсіпшілер одақ
тары мен комсомол мүшелерінің кроссы
басталды.

Кроста граната лақтыру және жаяу жү
гіру жарыстары өткізіледі. Жарыс ерлер
іші 1000 метр және әйелдер үшін 500
метр қашықтықта өткізілетін болып таға
йындалды.

С. ХӘКІМОВА.

ҮГІТШІЛЕР МӘСЛИХАТЫ

Жақын арада Петропавл қаласының
Орталық аудандық партия комитетінде
үгітшілердің мәслихаты болып өтті. Мәс
лихатқа қатысушылар өздерінің жұмыс
тәжірибелерін ортаға салды. Үгітшілер
Бахтияров, Сырешкин және Романов жол
дастар партия тарихын үйрену жөніндегі
жұмыстардың қатысушылары туралы айтты.

Мәслихатқа қалалық партия комитеті
нің үгіт-нәсихат бөлімінің меңгерушісі
Севостьянов және қалалық партия коми
тетінің лекторы Волпова жолдастар
сөз сөйлеп, мәслихатқа қатысушы
ларға БК(б)П тарихының қысқаша кур
сын оқып үйрену жөнінде толық түсінік
берді.

С. СМАҒҰЛОВА.

Мемлекет салығын толық төледі

Октябрь ауданындағы «Жаңасу» кол
хозының колхозшылары 1945 жылдың
мемлекет салығын төлеуде зор белсенді
лік көрсетті. Жауынгердің әкесі Тілем
бай Сандыбаев карт 950 сом, Т. Жолды
ғарин жолдас 480 сом қаржы төлеп мем
лекет салығын толық өтеді, сөйтіп бас
қа колхозшыларға үлгі көрсетті. Бұл
жолдастардың үлгісі бойынша басқа кол
хозшылар да мемлекет алдындағы борыш
тарын толық өтеді.

Колхозшылар өздерінің мемлекет ал
дындағы еттей, майдай салықтарын тө
леп, мемлекетпен толық есеп айыру
үшін бұл жұмысты қызу жүргізуде.

Қ. ҚАНАФИН.

АҚШ үкметіндегі өзгеріс

ВАШИНГТОН, 23 май. (ТАСС). През
идент Трумэн заң министрі Биддлдың, е
бек министрі Перкинстін, ауыл шару
шылығы министрі Викардтың, соғыс
кезіндегі азық-түлік мәселесі жөнінде
әкімші Джонстың орнынан түскендігі
рамы хабар жариялады. Трумэн
мәлімдемесі бойынша, заң мини
стрілігіне—осы уақытқа дейін заң
нистрінің орынбасары болып кел
Гларк; ауыл шаруашылығы министрі
не—осы уақытқа дейін өкілдер пала
тының азық-түлік мәселелері жөнінде
комиссиясының председатели болып
ген Андерсон; еңбек министрілігіне—
рамалы ест мүшесі Шведленах тағай
далатын. Андерсон ауыл шаруашылы
мнистрінің қызметімен қатар, соғыс
зіндегі азық-түлік мәселелері жөнін
әкімшінің де қызметін атқармақ. Е
кәрд ауыл шаруашылығын электрле
ру басқармасының басшысы болып
ғайындалды.

Канада флотының Тынық мұхиттағы соғысқа қатысуы

ОТТАВА, 23 май. (ТАСС). Кеше
Министрі Эбботт, Канаданың 60 ке
нің, оның ішінде авианосецтердің, і
серлердің, эсминерлер мен фрегатта
Тынық мұхиттағы соғысқа қатысаты
ғын жариялады. Англиядан аса ірі
лер—2 авианосец сатып алынады.
да флоты сол сыяқты Англиядан те
зетін эсминерлер флотилиясын алма
лар Канаданың Тынық мұхиттағы
нептер тобына қосылмақ. Қыйыр
ғыстағы ұрыс қыймылдары үшін
дадан жаңадан 36 фрегат бөлінек.
ботт Канада флотына әскер алу
ерікті түрде жүргізіліп жатқанды
өрекше атап көрсеткен.

Дениц „үкметі“ мен Герман жоғарғы командованиесі мүш нің тұтқынға алынуы туралы Р агенттігінің хабары

ЛОНДОН, 23 май. (ТАСС). І
агенттігінің одақтастардың Европ
әскерлерінің жоғарғы командов
штабындағы тілшісінің хабарына
ғанда, 23 майда мұнда Германияны
мет атқарып келген үкметі мен
ния жоғарғы командованиесінің
мүшелерінің соғыс тұтқындары
тұтқынға алынғандығы жария
Тұтқынға алынғандардың ішінде
офицер бар.

Жауапты редакті
В. ОСПАН

КӨШПЕЛІ КІТАПХАНАЛАР

Облыстық кітапхана коллективі көк
темгі егіс жұмыстары кезінде егінші кол
хозшыларды мәдениетті қамту жөнінде
көп жұмыс істеді. Кітапхана аудандарға
жөнелген 10 кітапхана жіберіп, оны салып
көне әдебиет кітаптармен жабдықтады.
Кітапханада қызыл мүйіз қызметкерлері
мен аудандық кітапхана қызметкерлері
үшін семинар өткізді.

Ө. АЙСИНА.

ҚАЖЫРЛЫ КҮШ ЖҰМСАУДА

Н. заводының коллективі май айының
өткен 20 күнінде еңбек өнімділігін орта
есеппен 123 процентке жеткізді.

Завод рационализаторлары өндіріс жұ
мысын жеңілдету үшін көп еңбек істеді.
Олар әрбір станоктың күшін толық пай
далану үшін жаңадан әртүрлі жабдықтар
жасап шығарды. Соның нәтижесінде за
водтың үндісіз жұмыс істеуі қамтама
сыз етілді. Завод стахановшылары еңбек

өнімділігінің молаюына күш жұмсауда.
Комсомолка Галиуаллина жолдастың бас
қаруындағы комсомол-жастар бригадасы
ның мүшелері жеңіс талабына сай еңбек
істеп, май айының 20 күндік жұмыс
тапсырмасын 135 процент орындады.

Романов жолдас бастық болып істей
тін цехтың жұмысшылары даңқты же
ңіс хұрметіне жана табыстарға жету
үшін өзара социалистік жарысқа

түсіп, күнделік жұмыс мөлшерін
110 процент орындауға міндеттенген еді.
Олар бұл сөзін орындауда аянбай еңбек
істеп май айының 20 күндік жұмыс
тапсырмасын біржарым есе артығымен
орындады.

Завод коллективі қол жеткен табысты
баянды ете отырып, екінші тоқсанның
өндірістік жоспарын толық орындау
үшін күш жұмсауда.